

# 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні!

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# YNIVERSITETI

№6 (1757)  
3 наурыз  
2020 жыл

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity)

[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)

[instagram.com/KAZNU\\_FARABI](https://instagram.com/KAZNU_FARABI)

Ғалым МҰТАНОВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:

## ҚҰРМЕТТІ ҚАЗҰУ АРУЛАРЫ МЕН АЯУЛЫ АНАЛАР!

Сіздерді келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің бұл тамаша мерекесі бейбіт өмір, мейірімділік пен үйлесімділіктің, сұлулық пен нәзіктіктің символы, шалқар шабыт көзі – нәзік жанды әйелдер қауымына деген ерекше жылулық пен сүйіспеншілікке толы. Бүгінде нәзікжандыларымыз барлық саланың бел ортасында жүр. Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуінде, ғылым мен білімнің дамуында аналарымыз бен аруларымыздың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Біздің қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың мерейін үстем етіп, бәсекеге қабілетті маман даярлауға да ұстаз-аналарымыз сүбелі үлесін мақтанышпен айтамыз. Оқу-білімді үйлестіруде, ұжым бірлігін арттыруда, тәрбие мен тәлімнің үлгісін көрсетуде, қызмет сапасын көтеруде олардың еңбегі зор.

Тал бойына әдемілік пен нәзіктікті жия білген, ақылына көркі сай қыздарымыз бен аяулы ұстаздарымызды, барша әйелдер қауымын осы бір ғажап мерекемен құттықтаймын. Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық, жақсылық тілеймін! Өмірлеріңіз қуаныш-шаттыққа толып, еңбектеріңіз жана берсін!

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Колумбия университеті жанындағы Жер Институтының тұрақты даму орталығының директоры, профессор Янис Бен Амор келді. MDP Global Class бағдарламасы аясында өткен сапар барысында профессор университет басшылығымен кездесіп, «Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел жұмысына қатысып, университеттің кампусын аралап шықты.



Іс-шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Пан Ги Муна Тұрақты Даму институты (ТДИ) мен Колумбия университеті жанындағы жер Институтымен бірлесіп ұйымдастырды.

Профессор Янис Бен Аморды қарсы ала отырып, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхаметқали Бүркітбаев БҰҰ тұрақты даму орталығының күн тәртібіндегі мәселелерді жүзеге асырып отырған жас мамандардың жұмысын ерекше атап өтті.

Кездесуден кейін өткен «Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстелге MDP Global Class студенттері, медицина және денсаулық сақтау факультетінің магистранттары мен докторанттары, қоғам белсенділері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жер институты жанындағы Тұрақты даму орталығының директоры, профессор Янис Бен

Амор дәріс оқып, медицина және денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер бойынша өз тәжірибесімен бөлісіп, жас ғалымдардың сұрақтарына жауап берді. Дөңгелек үстел отырысына Колумбия университеті жанындағы Орталық Азиядағы жаһандық денсаулықты зерттеу орталығының директоры, доктор Әсел Терлікбаева және ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы профессор Жанна Калматаева қатысты.

Іс-шара соңында тараптар пікір алмасып, тұрақты дамудың барлық 17 мақсаты бойынша, соның ішінде Жер институты жанындағы «Жібек жолындағы ақылды қалалар» жобасы бойынша урбанизация орталығымен ынтымақтастықты күшейту жөнінде уағдаласты.

Өз тілшімізден

ДИАЛОГ  
АЛАҢЫ




2-бет

ҚАРТТАРҒА  
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ  
ЖАСАДЫ



3-бет

АСЫЛ ЖАНДАР –  
АНАЛАР МЕН  
АРУЛАР!



4-бет

**Jýrda organikalыq zattar, tabiǵy qosylыstар men polimerler himyasy jáne tehnologysy kafedrasy «Tyberkylez jáne jynстыq jolmen beriletin juqpaly айрылар» тақырыбында tárbielik is-shara ótkizdi.**

Sharaǵa S. Asfendiarov atyndaǵy Qazaq ultlyq medısına ymversitetinen kelgen arnaly mamandar, stýdentterge juqpaly айрылар jaily túsinirme jumystaryn júrgizip, jynǵa Almaty qalасыnyń ártúrli ymversitetterinen kelgen stýdentter qatysty.

Medısına ǵylymynyń kandidattary Kúmis Ómeshova, Almash Jumabekova bul айрыларdyń ishindegi eń qayıptileri: SPID, merez, soz ekendigin jáne onyń juǵy joldaryn túsinirdi. Mundaı juqpaly derterge árkim dýshar bola bermeidi. Adamdar óz densaylyǵyna jiti qarap, moraldyq qaǵıdattary ustanyp júre mundaı keselderge shyldyqpatyandyǵyn jáne odan saqtany erejelerin atyp, stýdentterdi qyzyqytra tústi.

Shara sońynda S.Asfendiarov atyndaǵy Qazaq ultlyq medısinalyq ymversitetiniń stýdentteri ókpe qurtyna bailanysty suraq-jayap saısyn ótkizip, durys atqandarǵa sylyqtar berildi. Sonymen qatar Qazaqstan-Resei medısinalyq ymversitetiniń stýdentteri de ózderi daıyndaǵan qyzyqy materialdarymen tanystyrdy.

\*\*\*

**Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-da «Profesor O.A. Sultanáevtiń idealary men sheshimderi: onomastika, ýálıhantaný, oqylyqtaný» atty ǵylymy seminar ótti. Ony QazUÝ-dyń orys filologiasy jáne álem ádebieti kafedrasy jáne «Dáyir jáne Tulǵa» ǵylymy-aǵartýshylyq jobasynyń jetekshileri (f.ǵ.k., L.N. Gýmılev atyndaǵy EUÝ dosenti, QHA ĞSK múshesi M.A. Bóribaeva) uymdastyrdy.**

Is-shara RHDÝ (Máskéy q.) jalpy jáne orys til bilim kafedrasy men orys jáne shetel ádebieti kafedrasynyń qoldaıymen ótti. RHDÝ ymversitetiniń profesory V.N. Denisenko jáne profesor A.G. Kovalenko onlain-translatsia arqyly seminar qatysýshylaryna arnalǵan quttyqtaı sóz sóiledi.

O.A. Sýltanáevtiń ǵylymy murasyn seminar dyń negizgi spikerleri orys filologiasy jáne álem ádebieti kafedrasynyń meńgerýshisi, profesor B.Ý. Joldasbekova, QHA ĞSK múshesi, f.ǵ.d., profesor, N. J. Shaimerdenova, f.ǵ.k., dosent D.B. Amanjolova, L.N. Gýmılev atyndaǵy EUÝ dosenti, QHA ĞSK múshesi f.ǵ.k., M.A. Bóribaeva tanystyrdy.

Baiandamada atylǵandaı, filologia ǵylymdarynyń doktory, profesor O. A. Sultanáev (21.02.1938 – 10.01.2006) óz dáyiri men mádenietiniń eń úzdik ereksheликтерin beıelep, onomastika jáne sózjasam, leksikologia jáne frazeologia, onomastika jáne túrkologia salasındaǵy til biliminiń ózekti máselelerin, orys jáne qazaq tilderin oqıtý ádistemesin ázirleıymen amalysty.

Onyń jumysy orys jáne qazaq tilderiniń tildik qubylыstaryn zertteıdiń diahrondyq jáne sinhrondyq aspektilerine, eki til máselelerine, onyń damýy men keleshegin arnalǵan. O.A. Sýltanáevtiń kóptegen ǵylymy jumystary Kókshetaı (jáne barlyq aimaqtyń) toponimderin etimologialyq jáne ádisnamalyq turǵyda zertteıge arnaldy. Aimaqtyń toponimikasy zertteı ǵalymnyń jalpy onomastikanyń teorialyq jáne praktikalыq máselelerine degen turaqty ǵylymy qyzyǵyshylyǵyn anyqtady.

Ǵalymdar atap ótkeniinde, kez kelgen eldiń ǵylymy men bilimi úshin ótkenniń tájiribesin esepke aldyń erekshe mańyzdylyǵy bar, demek, aldyńǵy býyndaǵy ǵalymdar dyń eńbekterin zerdeley jáne uǵyný, óazir jáne bolashaq úshin barlyq qundylyqty « tarıh qyrtysynda» saqtaı qajettiligi bar.

\*\*\*

**QazUÝ stýdentteri «QAIYRYMDY QOǴAM» jobasy aıasynda qaiyrymdylyq sharasyn ótkizdi. Bilim ordasyndaǵy jastар qoǵamdyq uymdarynyń músheleri ymversitette bilim alyp jatqan áleymettik jaǵдай tómen stýdentterdi Ğ. Músiреov atyndaǵy Qazaq memlekettik akademialyq balalar men jasóspirimder teatrına tegin apardy. Bul bastamany teatr ujımy da qoldı ketti.**

Stýdent jastар aldymen teatr aldynda chellendjge jınalyp, flesh-mob uymdastyrdy. «Bul bizdiń volonterlik qozǵalysty damytýǵa, áleymettik yntymaqtastyqty nyǵaitýǵa, naqty bir adamdarǵa kóme kórsetýge jáne ártúrli áleymettik-qoǵamdyq máseleleri sheshýge qosqan tamshydaı bolsa da úlesimiz», - dedi chellendjge qatysýshylar. Teatr zalyna lyq tolǵan jastар bardyń qadirine jetip, joqtyq ornyn tolyrtıdy kózdegen jandar jan sarailaryn ashyp, rýhamı demalyp qaitýǵa tapyrmaıtyn, kónildi «Olja» qoiylymyn tamashalap qaitty.

## ҒЫЛЫМ – ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



ғылыми мақалалары санын арттыру, кафедра оқытушы-профессорлық құрамының соңғы 5 жылдағы басылымдар санына қатынасы, Scopus халықаралық дерекқорында индекстелген халықаралық ғылыми конференциялар, Scopus-та индекстелген журналдарда білім алушылардың мақалалары санын көбейту бағыттарына тоқталды.

ОПҚ халықаралық жобалар мен байқауларға мейлінше көптеп қатысуын қамтамасыз ету аясында жұмыстар жасау қажеттігін алға тартқан мәжіліске

қатысушылар алдағы уақытта ҚазУУ оқытушылары шетелде біліктілігін арттыру үшін арнайы іс-тәжірибеден өтетін болады. Бұл өз кезегінде университет мәртебесін арттырады және оқытушылар мен студенттердің ғылымға деген қызығушылығын оятады деді жиынға жиналғандар. Сондай-ақ мәжіліс барысында университеттің дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар оқытушы-профессорлар құрамы арнайы марапатқа ие болды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

**Кезекті ректорат мәжілісінде ҚазУУ-дың 2019 жылдағы ғылыми-инновациялық қызметінің қорытындылары және зерттеу университетіндегі ғылыми-инновациялық құрамдас бөлікті көбейтудің жолдары талқыға түсті.**

«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осы ретте университет ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы университетте 500-ден аса жоба іске асырылған екен. Осы ретте әлемдік жоғары рейтингтерде әр жоғары оқу орнының рейтингісін құру барысында университеттердің ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігі, оқытушылар құрамының және жүргізілетін зерттеулердің деңгейі, ғылыми мақалаларды жариялау және дәйексөз келтіру, халықаралық ынтымақтастық және басқа да көрсеткіштер ерекше ескеріледі», – дейді алғаш болып баяндама жасаған ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов.

Сонымен қатар, ол Scopus дерекқорында SJR-і нөлден жоғары индекстелген ашық қолжетімді және Хирша индексі жоғары журналдарда жарияланған ОПҚ-ның

**Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның бастамасымен Бүкіләлемдік радио күніне және Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған VII Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі өтті.**

Ол «Радио – барлығына арналған платформа: идеялар генерациясынан – инновацияға» деп аталды. Қысқы мектептің дәстүрлі орны – Алматы маңындағы Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағында орналасқан «Тау-Тұран» кешені. Халықаралық форумға журналистер, БАҚ қызметкерлері, ғалымдар, оқытушылар, жас зерттеушілер, студенттер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Орталық Азия республикаларының, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, сонымен қатар шет елдер – Түркия, Ауғанстан және т.б. оқу орындарының басшылары қатысты. Дәріскерлер мен спикерлер құрамында ұлттық және халықаралық БАҚ-тың, онлайн-медианың веб-редакторлары және контент-редакторлар болды.

Қазіргі журналистердің қысқы мектебінде ақпараттық қызметтің негізгі үш бағыты шықты: радиодағы пікірлердің плюрализмі, мемлекеттік, жеке және қоғамдық хабар тарату студиялары; қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының радиохабарларына қатысуға, олардың ұсыну тепе-теңдігін ескере отырып ынталандыру; аудиторияның алуан түрлілігін көрсететін әртүрлі редакциялық материалдар мен бағдарламалар түрлері. Қысқы мектептің ашылуында, оның жалпы отырысында ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстандағы Алматы кластерлік бюросының өкілі, байланыс және ақпарат саласының маманы Сергей Карпов, әл-Фараби атындағы ҚазУУ-дың журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек, Қажы Байрам университетінің журналистика факультетінің деканы Түркиядан келген Закир Авшар, TOLNews ТВ-нің саяси шолушысы, Ауғанстаннан келген Абу Муслим Ширзад,

## ДИАЛОГ АЛАҢЫ



Қазақстаннан келген ғалымдар қатарында доцент Гүлинар Асанбаева, УМЭД профессоры Өзбекстаннан Фатима Муминова баяндама-презентация «Өзбек радиосының құрылымдық өзгерістері мен интерактивтілігі», Дж.Баласағұн атындағы ҚУУ доценті Қырғызстаннан Аита Султаналиева, Назарбаев университетінен сарапшы Петр Лапо және т.б.

Үш күндік форум журналистер, радио жүргізушілері, интернет-сұхбат берушілер, медиа-коммуникаторлар, подкастқа қатысушылар және басқа да медиа мамандардың қызықты, интерактивті сөздеріне толы болды. Диалог алаңы интернет қызметтеріне және шет елдердің тәжірибелі радиожурналистерімен байланысқа ұласты. Зарина Буенбаева, Мұхаммадали Бухарбаев, Назира Каимова және басқалар бұған белсене қатысты. Сонымен қатар, 2019 жылы қайтыс болған ауған жауынгері Ержан Сұлтанбаевтың кітабының тұсаукесері өтті. Жинақта оның публицистикалық жұмыстары, мақалалары, жазбалары, ақпараттары, очерктері бар. Жауынгерді еске алу үшін оның профілімен бейнеленген мүсінше жасалды, ол арнайы журналистикадағы батылдық үшін, өз жұмысында ерекшеленген

ең жақсы жас журналистерге, соның ішінде Қарақалпақстаннан келген студент-дизайнер З.Кетибаеваға берілді.

Кешкі уақыт демалыстарында мәдени-спорттық іс-шаралар, ауыр атлетика, арқан тарту, әдебиетшілерге арналған өлең-мұшайра байқауы, концерттік бағдарламалар, халық аспаптарында орындалған өндер мен музыкалық байқаулар ұйымдастырылды. Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатының жоғары сынып оқушылары барлығына өздерінің қазақ тарихын жетік білетіндігімен, ұлттық мәдениеттің, ғылым мен әдебиеттің жарқын тұлғаларына арналған өлеңдері мен поэмаларын орындап қуантты. Әл-Фараби, Абай, Әлішер Навои және Әмір Темір, Шыңғыс Айтматов және Тілеуберген Жұмамұратов- бұл есімдер оқырмандар мен поэзия әуесқойларының орындауында бірнеше рет айтылды. Тау-Тұрандағы журналистердің қысқы мектебі дипломдар, сертификаттар мен куәліктер тапсырумен аяқталды.

**Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы**



**1150** ЖЫЛ  
Әл-Фарабидің мерейтойы

Студенты КазНУ им. аль-Фараби провели флешмоб и организовали поход в театр в рамках проекта «Қайырымды қоғам». Благодаря этой инициативе студенты университета из социально-уязвимой группы смогли посмотреть комедию «Олжа» в Казахском государственном академическом театре для детей и юношества им. Г. Мусрепова.

**ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ**  
**#AlFarabiQQ**

## СИЛА ИСКУССТВА

Инициативу поддержал Казахский государственный академический театр для детей и юношества им. Г. Мусрепова, распахнув для любознательной молодежи свои двери и пригласив на спектакль.

Мероприятие началось с флешмоба, который прошел на площади перед театром. «Это наш вклад в развитие волонтерского движения, укрепление социального сотрудничества, оказание помощи конкретным людям и решение различных социально-общественных

проблем», – отметили участники челленджа.

Веселая, добрая комедия «Олжа» прошла при полном аншлаге. Студенты с удовольствием посмотрели спектакль, напомнивший о главных ценностях: доброте, милосердии и соучастии. Такой приятный содержательный отдых они запомнят надолго и, возможно, еще не раз вернуться в театр, чтобы прикоснуться к сценическому искусству.

Соб. корр.



## МЕЙІРІМДІЛІК ЖҮРЕКТЕН

ҚазҰУ-да Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай ізгілік пен парасаттылықты насихаттауға бағытталған «Қайырымды қоғам» қозғалысы да өз бастамасын алды.



Аталмыш челленджді қолдаған акциялар заң факультетінде де жиі өткізіліп жатыр. Жуырда мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен тағы бір іс-шара өтті. Заң факультетіне церебралды сал ауруына шалдыққан балалар қонаққа келді. Іс-шара балалар өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесімен ашылды. Моншақтан, фетрден, былғарыдан, картоннан әзірленген әшекей бұйымдар, әмияндар мен қобдишалар көздің жауын аларлықтай етіп жасалған. Жиналған қауым балалардың шеберлігіне, талпынысына, еңбекқорлығына таң қалысты.

Жәрмеңкеден кейін балалар өз өнерлерін ортаға салды. Ән салып, вальс биледі. Сондай-ақ заң факультетінің студенттері де өз өнерлерін көрсетіп, домбырамен күй тартып, ән салды. Кеш соңында қонаққа келген талантты балаларға кафедра атынан естелік сыйлықтар

берілді. Ал кафедра профессоры А. Ибраева 10 сынып оқушыларына өз авторлығымен жарық көрген «Құқық негіздері» оқулығын сыйға тартты.

Ұлы ғұлама әл-Фараби бабамыздың: «Қайырымды қала адам баласының сау тәні сияқты. Ағзалардың барлығы бір-біріне көмекке келген кезде ғана адам жанын аман алып қалуға болады» - деген сөздерін санасымен қабылдап, жүрегімен ұғынған жастар бір-біріне жақсылық жасауға, өзін және айналасындағыларды бақытты етуге бар күш-жігерін жұмсайды деген сенімдеміз. Ендеше ел көшін алға тартатын жастарымыз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болғай!

**Н. МЫҢБАТЫРОВА,**  
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,  
конституциялық және әкімшілік құқығы  
кафедрасының доценті, з.ғ.к.

## ҚАРТТАРҒА қайырымдылық жасады

Мұқтаж жандарға қайырымдылық жасау – адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адамдар бір-біріне қайырымдылық жасап, мейірімділік таныту арқылы адамгершілік қасиеттерді бойына дарытады, жақсылыққа қадам бастап, ізгіліктің нұрын себеді. Әл-Фарабидің «Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады» деп айтқанындай, сауабы мол істі жасау әрбір адамның азаматтық парызы.



Осы орайда жуырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жариялаған «Еріктілер жылы» аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қайырымды қоғам» челленджі (#AlFarabiQQ) негізінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары Алматы қаласындағы қарттар мен мүгедектерге арналған «Мирный Қазақстан» Қарттар үйіндегі қариялар мен соғыс ардагерлеріне қайырымдылық шарасын ұйымдастырды.

Жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттар мен мүгедектерге мейірімділік танытып, қамқорлық көрсетуге талпынған кафедра оқытушылары аталған мекемедегі қарттардың көңілін, халдерін сұрап, жағдайларымен танысып, олармен әңгімелесіп, апарған арнайы азық-түлік өнімдерін, яғни қайырымдылық көмегін тапсырып қайтты.

Іс-шара барысында кафедра оқытушысы М. Ешимов: «Біздің міндетіміз үлкенге құрмет көрсету. Біз қарттарға арналған қайырымдылық акциясын бірінші рет өткізіп жатырмыз. Алдағы

уақытта тағы да осындай іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастырамыз деген ойдамыз. Қарияларға қашанда көмек көрсетіп, қолдан келгенше жақсылықтарымызды аямауымыз керек»-дейді.

«Мирный Қазақстан» Қарттар үйінің басшысы М. М. Мурзалиева: «Кафедра ұжымы бүгін, міне, өте бір сауапты іс атқарып отыр. Кафедра ұжымына осындағы қариялар да шексіз риза», - деп шынайы алғысын білдірді.

Шара соңында кафедра оқытушылары сырқат қариялардың бөлмелеріне арнайы кіріп, ізгі тілектерін білдіріп, арнайы әкелген сыйлықтарын тарту етті.


Кафедра ұжымының құрмет көрсетіп жүргендеріне орталықтағы қариялар да ризашылықтарын білдірді. Қарттар үйінің қызметкерлері де өз тараптарынан алғыстарын жеткізді.

**А. САДЕНОВА,**  
Жоғары оқу орнына  
дейінгі білім беру факультеті,  
Шетелдіктердің тілдік және жалпы  
білім беру дайындығы  
кафедрасының меңгерушісі



# Асыл жанғдар – аналар мен арулар!

**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Осы мерейлі мерекеге орай, университетімізде білім-ғылым саласында еңбек етіп келе жатқан ұстаздарымыз бен студенттерімізбен әңгімелесіп, пікірлерін жазып алған едік. Мәселен, біздің бұл кейіпкерлеріміздің өмірінде ҚазҰУ-дың орны ерекше. Студент армандап оқуға түссе, келесі толқын қасиетті шаңырақтың білікті маманы атанған. Ендеше, кейіпкерлеріміздің пікірлерін, сіз де оқып шығыңыз!**



**Гүлбан БАЙДАУЛЕТОВА,**  
картография және геоинформатика  
кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және  
тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, аға оқытушы:



– Сегіз жыл бұрын осы Ұлы университеттің картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы атандым. Сегіз санының шексіздікті білдіретіндей – менің шексіз бақытты кезім. Осы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істемес бұрын бірнеше университетте қызмет еттім. Жоғары оқуды Алматының Қазақ бас сәулет құрылыс академиясында 1992 жылы «Қолданбалы геодезия» мамандығымен тәмамдап, осында 15 жылдан аса жұмыс атқардым, мамандығым бойынша аспирантураны оқыдым. Одан кейін Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде төрт жылдай, арасында Қазақ ұлттық аграрлық университетінде де жарты жылдай жұмыс атқардым. Өз-өзімді көп іздедім... Ия, мен өзімді тек осы Ұлы ҚазҰУ-де ғана таптым.

Өйткені өзімді осы ҚазҰУ-де ғана жақсы сезінетінімді алғашқы сәттен-ақ байқадым. Жұмысыма таңертең ерте келу – мен үшін шексіз бақыт. Қазіргі таңда, 2015 жылдан бері, картография және геоинформатика кафедрасы меңгерушісінің оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша орынбасары қызметін атқарамын.

ҚазҰУ-де жұмыс істеп жүріп үлкен жетістіктерге жеттім: оқулықтар шығардым, біліктілігімді жетістірдім. 2016 жылы 12 желтоқсанда «ҚазҰУ-ға 80 жыл» төсбелгімен марапатталдым. 2018 жылдың қараша айында кафедрамыздың магистранттарын Қытай Халық Республикасының Гуанжоу қаласындағы Гуандун политехникалық индустрия және коммерция университетінде алғаш рет өткен Халықаралық Олимпиадасына апардым, онда 2-орынды иелендік. 2020 жылы 19 ақпанда «Білім беру саласының құрметті педагогы» атты Қазақстан Республикасының жеңімпазы атанып І дәрежелі диплом мен төсбелгімен марапатталдым.

Ұлы даламыздағы Ұлы Алатау бөтеріндегі Ұлы Алматы қаласында Ұлы ҚазҰУ-де расында да армандар жүзеге асады екен.

Құрметті ҚазҰУ-де талмай, шаршамай еңбек етіп жүрген Аналар қауымы! Сіздерді 2020 жылғы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен – көктем мерекесімен – Аналар мерекесімен – әдемілік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге тау суындай сарқылмас денсаулық, күн көзіңдей жүздеріңізге мейірім шуағын тілеймін! Әрқашан көктеріңізден күн кетпесін, құшақтарыңыздан гүл кетпесін! Әрбір Анаға, әрбір Аруға тек АНА бақытын нәсіп етсін! Бақытты болыңыздар!

**Аружан БАЗАРБАЕВА,**  
физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті:

– Мен қазіргі уақытта ҚазҰУ-дың «Физика және Астрономия» мамандығы бойынша білім алудамын. Осы университетте білім аруды мектеп қабырғасында жүрген кезден бастап армандағанмын. Адам тынбай еңбек етсе, алдына қойған мақсатын іске асырады. Осы қағиданы ұстана отырып, өз алдыма қойған мақсаттырымның бірін жүзеге асырдым. Бұл жетістігіме өзіңді үлкен септігін тигізген ата-анама да алғысым шексіз.

Бұл өмірде ата-ананың орны ерекше және олардың орнын ешкім баса алмайды дегендей, ананың өмірдегі рөлі туралы айта кетсем, менің анам – менің жан құрбым, ақылшым, бар сырымды бөлісетін ерекше жан. Жақында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі атап өтіледі. Барша нәзік жанды қауым – аналар, әжелер, қыздар Сіздерді келе жатқан мерекелеріңізбен құттықтаймын! Әрдайым көктемдей құлпырып, нәп-нәзік гүлдей жайнап жүре беріңіздер!

Болашақта таңдаған саламның нағыз маманы болып шығуды армандаймын, әрине, ол үшін өте көп еңбек ету керек...

ҚазҰУ студенттерге көп мүмкіндіктер береді, егер әр нәрсені өз уақытында пайдалана білсеңіз...

Менің ойымша, әр адам тек бір нәрсемен ғана шектелмей, жан-жақты өзін дамытуға барын салып, жұмыс жасауы керек, және ең бастысы берілген мүмкіндік пен алтын уақытты дұрыс пайдаланып үйрену керек.



**Анар САЛҚЫНБАЙ,**  
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.:



– ҚазҰУ! Бұл сөз мен үшін, бәлкім бәріміз үшін, соншалықты құдіретті естіледі. ҚазҰУ деген атау – білім мен ғылым ошағы ғана емес, бұл кеңдіктің, тереңдіктің, биіктіктің өлшеміндей. Зиялылық пен даналықты тербеткен ұлық бесік сынды. Сондықтан халық аузында қалыптасып, сіңісіп, түсінікті болып, нормаға айналған жеке ұғымды таңбалайтын ҚАЗҰУ деген атау бар, қазақ ұғымында. Бұл оның қазіргі мәртебесіне, атауына, бәлкім сәйкес келмейтін де болар, алайда көптің санасында ҚазҰУ болып сақталған, қасиетті қара шаңырақ бұл. Біз өзімізді осы ҚазҰУ-де оқып жүргеніміз үшін – ақ бақытты сезіндік. Сол көктемде біз екен ағаштарымыз қазір биік-ақ...

Оқуды бітірген соң, осы қимастық сезім мені Елге жібермей Алматыда алып қалды...

Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Томановтың ғылыми жетекшілігімен 1989-1991 жылдары аспирантурада оқып, үшінші жылында мерзімінен бұрын кандидаттық диссертациямды қорғадым. Бұл 1991 жылдың күзі болатын. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алуына байланысты орыс тілді азаматтарға мемлекеттік тілді оқыту үшін әр жерде жеке кафедралар ашылып жатқан-ды. Неге екені белгісіз, мені бұл кафедраға қызметке алмады. Сол кездегі ректор Мейірхан Әбділдин мен проректор Есенов қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, профессор М. Серғалиевті шақырып алып, «маман жоқ деп, балалар бақшасынан қазақ тілін оқытатын оқытушы алып жатырсыздар, өзімізді бітірген, жақында ғана қорғаған жастарды неге қызметке алмайсыздар?» деп реніш білдіріп, мені сол күні қызметке алдыртты. Сөйтіп, осы екі адал басшының азаматтық көмегімен өзім аңсаған ҚазҰУ-дің қазақ филологиясы кафедрасына ассистент болып қызметке кірдім. Бұл мен үшін бақытты сәттердің бірі еді.

М. Серғалиев – үлкен жүректі, кең, ғылымда адал, принципшіл ғалым. М. Томанов мектебінен шыққан шәкірт ретінде маған бірден «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деген іргелі пәннен дәріс жүргізуді сеніп тапсырды. Кейіннен магистратура ашылғанда, жаңа пәндерден дәріс оқуға кеңес берді. Содан осы кафедраның аға оқытушысы, доценті, профессоры болып қызмет етіп келемін.

Бүгінгі 8-наурыз арулар мерекесінде барша аруларды, ғалым қыздарды шын жүректен құттықтаймын! Ғалымдық – қыз балаларға Алланың берген үлкен сыйы деп білем. Бұл – үлкен ізденістің, асқан шыдамның, сабырдың, талмай еткен еңбектің жемісі. Қазақ қыздарының бойындағы парасаттылық пен сабырлық, ізгілікке деген құштарлық, мейірім – болашақтың жарқын да мерейлі боларына сендіреді. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналар есен жүріңіздер! «Арым-жанымның садағасы» деген таным қалыптастырған бабалар өсиетіне адал болайық.

**Дина КӨПТІЛЕУОВА,**  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы,  
Арабтану бөлімінің меңгерушісі,  
филол.ғ.к., ассоц. проф. (доцент):



– Қазақ білімінің қарашаңырағы ҚазҰУ-де білім алу кез-келген қазақтың қара баласы үшін – арман... Осы арманды жетелеп келген талай ұл-қыздар қарашаңырақтан қанат қағып, еліміздің түрлі салаларында еңбектерімен танылып, жұлдыздары жарқырап жүр. Өткен жылы бүкіл ел болып 85 жылдық мерейтойын атап өткен университетіміз құрылған күнінен бастап республикамыздың саяси-әлеуметтік өмірі мен экономикасын дамытуда ерекше орын алады. Қазіргі таңда университетіміз халықаралық ғылым мен білім кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім беру саласындағы әлемдік танымал университеттердің біріне айналып отырғаны түлектері үшін де, еліміз үшін де мақтаншыл.

Алғаш араб тілінен дәріс беріп, осы тілге деген қызығушылығымды оятып, арманшыл, ізденімпаз жастардың ордасына келуіме себеп болған ұстазым Бақыт Айранбаеваға алғысым шексіз. Университет қабырғасын аттағанда Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мәрзия Мәженова, Гүлнар Надирова, Фируза Мамеко секілді тамаша, білікті ғалым-ұстаздардың шеберлік «ұстаханасына» түсіп, мектепте алған білімімді академиялық деңгейде жетілдірдім. ҚазҰУ қабырғасында жүріп, 1993 жылы Марокко корольдігіндегі Мәуләй Исмаил университетіне тіл ұстарту тәжірибесінен өттім. Келесі жылы ұстаздарым маған үлкен сенім артып, жас маман ретінде факультетте жұмыс істеуге қалдырды. Осылайша, ғылым жолына түсіп, ұстазым Гүлнар Ермұратқызы Надированың жетекшілігімен Мысыр жазушысы Йәхья Хаққидің шығармашылығын зерттеп, Ташкентте кандидаттық диссертация қорғадым. 2014 жылы «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» грантын ұтып алдым, 13 оқулық пен оқу құралдары және 90-нан аса мақала жарық көрді. Осы жетістіктерге жетуіме жол сілтеп, ғылым мен білім шыңына қолымнан жетелеген қадірлі ұстаздарымның үлесі мол болды. Қадірлі ұстаздарым, ҚазҰУ-дің оқытушылары Гүлнар Ермұратқызы Надирова, Нұржамал Әбдіразаққызы Алдабек, Бәтін Алтайбекқызы Атабайға алғысымды білдіремін және де ҚазҰУ-дегі ғылым мен білім саласында тер төгіп жүрген барлық апа-сіңлілерімізді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын, шығармашылық табыс, отбасыларына аманшылық, дендеріне саулық тілеймін.

Бетті дайындаған – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**Құдай Тағалла он сегіз мың ғаламды жартқаны хақ. Сол іспетті күллі жаратқан жаратылыстарының баршасын, жұп-жұбымен жаратты. Мысалы: әуелі ер адамды, содан соң оған жұп ретінде ердің, яғни Адам атамыздың қисық қабырғасынан әйел жынысы Хауа анамызды да жаратқаны белгілі. Бұл біздің ең алғашқы кезеңдерге жататын айтулы оқиғалардың бірі болатын.**

# ТАРИХТА ҚАЛҒАН АРУЛАР



Қозы Көрпештің Баян сұлуы, Кебектің Еңлігі-бұлардың баршасы өздері сүйген ғашығына ғұмырлық серік бола алмады. Баршасы да ғашықтықпен құмарлық жолында құрбан болды. Онымен қоса әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны бола білген өте сұлу арулар, көркем әдебиет кейіпкерлері, Сұлушаш, бақытсыз Жамал, Ақбілек, Ұлпандардың да аты мәлім. Одан соң да біздің ардақты аналарымыздың қатары саябырсымайды. Күллі әлемге нұрын шашып, өнегелі өмірімен тарихта қалған тұлғаларымыздың тұлға болып қалыптасуының басында міндетті түрде аяулы аналары тұрды. Яғни бір мықты ер артында бір мықты әйел тұрды. Аты алты алашқа мәшһүр Зере анамыз өз сүйегінен жарып шыққан ұлы, Құнанбай бабамызды дәретсіз емізбеуінің, яғни тазалықтың нәтижесінде қазақтың күллі тозған дүниетанымын басып айтып, қазақ ұлтын жаңашылдыққа, имандылыққа бастаған бас ақыны, адамзаттың алыбы Абайдай тұғырлы тұлға өмірге келген болатын. Қарап тұрсақ қазақтың қай тұлғасын қарасақ та анасы текті, таза, иманды болған, сөйтіп баласына да шұғылалы сәулесі тиген.

жоғарылап, қоғамда белгілі рөл атқара бастады. Оның дәлелі қасиетті Құранда да ерлер деген сүре жоқ, бірақ әйелдер деген, яғни «Ниса» деген сүренің болуы. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың «Жұмақтың кілті, ардақты аналардың табанының астында» деп өсиет етуіде аналардың белгілі дәрежеде құрметке бөленуіне ықпал етті.

Негізінен қаймағы бұзылмаған қазақ ұлты қашанда көшеде жүрген қыздарға бей жай қарамаған. Оны өзінің қарындасы, әпкесі, қала берді болашақ ұлттың ұйытқысы болар, ардақты ана ретінде құрметтей білген. Және де нәзік жанды аруларымыздың жастайынан дұрыс бағытта өсіп, жетілу жолында, қатаң қазақи тәлім-тәрбиені өн бойына ұлттық құндылықтарды дарыта білген. Кең жазира Дешті Қыпшақ даласына аты мәшһүр, төрт түлігі өзеннен бір сәтте су ішер болса, өзен суы уақытша саябырсып, су көлемі азайып кететін деген халық арасында аңыз сөзбен, қара қылды қақ жарған әділ төреліктерімен есте қалған Бәйдібек би бабамыздың Құдай қосқан қосағы ардақты Домалақ анамыздан (VI – VII) басталатын құрсағы алтын аналарымыздың есімі еліміздің жадында сақталып, әр уақытта жаңғырып тұрды. Одан кейінгі кезекті кезеңдерде де баһадүр батыр бабаларымыздың ардақты аналары мен аяулы жарлары, қылықты қыздары да түрлі оқиғалардың желілері арқылы тарихта таңбаланды. Солардың алғашқы сабында, сонау орта ғасырларда аты әлемге әйгілі Қараханидтер дәуірі кезінде өмір сүрген ақылымен тәмәм елді тамсандырған ардақты ханым Айша бибі болатын. Бір сөзбен

айтқанда Қараханидтер хандығының негізін қалаған Қараханның қалыңдығы болып, елге өсиетті сөз айтып, ел ықыласына молынан кенелген еді. Мұнымен қазақ тарихындағы батыр да ақылды арулардың қатары кемімейді. Мысалы өз ұлтының тұтастығы жолында қасық қанынан аямаған, сонау Абылай хан дәуірінде қалмақта жүріп, тыңшылық жасап, жау жақтан тіл әкеліп, еліне қызмет ете білген Айбике батыр сынды арулардан бастап, ержүрек Қаракерей Қабанбай батырдың өмір жолдасы Гауһар анамыз да, олардан туылған Назым да, қазақтың соңғы ханы болып, тарихта қалған Хан Кененің қарындасы Бопай да, аты мәлім Тама Есет батырдың қарындасы, Тілеулі батырдың зайыбы Жапалақ та, Тама Есеттен туылған Ботакөз де, одан кейінгі кезеңдердегі Түркістан автономиясының негізін салушылардың бірі, арысымыз Мұстафа Шоқайдың әжесі Бақтыда (Бақтықыз), белгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов арнайы «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты тарихи-зерттеу жұмысын арнаған, Патшалық үкіметтің қарапайым шаруаларды басып, жаныштауына қарсы тұрған қаһарман Көктемір Сапура батыр-арулар да ел есінде парасаттылығымен қоса батырлығымен де ұлықталды.

Бұл мен келтіріп тұрған қазақ тарихындағы жанкешті, ұлтшыл баһадүр, батыр бабаларымыздың қасында жүріп, ерлік көрсеткен қазақтың батыр қыздарының кішігірім бір бөлігі ғана. Одан соң да тарихта, әдебиетте аты мәлім ғашықтық эпостардың кейіпкер қылықты қыз-арулары өз алдына бір төбе. Мысалы: Төлегеннің Қыз Жібегі,

Қазақ ханым, бикештеріне бір мақала емес бір кітап арнаса да артықтық етпейді. Қалың елім қазағымның қайсы анасы болсын ол елдің ұйытқысы. Ұлылықты биіктіктен іздеудің қажеті жоқ. Бір мысал, қазақтың байырғы кең құрсақты ардақты аналары ауылға немесе әулетіне қонақ келе жатқанда ит пен баланы міндетті түрде асқа тойдырып қояды екен. Мұның өзі бір көрегендіктің белгісі болса керек. Қазақ қашанда ардақты аналарын, аяулы әпке, қарындастарын, қылықты қыздарын жоғары деңгейде сыйлап, құрмет көрсеткен. Бұл да біздің ұлтымыздың бір ұлттық коды. Ал онымен қоса нәзік жаңды арулар да ерінің құнын жақсы білген. Жоғарыда келтірген батыр аналарымыз сынды аяулы арулар қатары тоқтап, саябырламай жалғасса деген ниет бары жасырын емес. Ол үшін ұлт болып жұмылып, ұрпақ тәрбиесіне мән беріп, тарих та аты қалған ардақты аналарымызды дәріптеуіміз басты шарт болуы тиіс!

**Қанат АЛТЫНБЕКОВ,**  
тарих, археология және этнология  
факультетінің 2-курс студенті

**1857 жылдың 8 наурызынан бастап әлемдегі күллі ерлер бұл күні әйелдерге ерекше көңіл бөліп, әйелдер қауымы сүйіктілерінен сыйлық алып, мәре-сәре болып жатады. Ежелгі римдіктер көктемнің алғашқы айын әйелдер мейрамы деп таңдап алды. Мереке күні әр жерде демалыс жарияланып келеді. Бірақ көпшілік бұл мейрамның қашан және қайдан келгенін біле бермейді.**

Мереке тарих сахнасына әйелдер құқығы үшін күресу күні ретінде шыққан еді. 1857 жылы 8 наурыз күні Нью-Йоркте тігін және аяқ-киім фабрикаларының жұмысшы әйелдері манифестке жиналады.

Олар 10 сағаттық жұмыс күнін, жарық әрі құрғақ жұмыс орындарын, ер адамдармен бірдей жалақы мөлшерін талап еткен еді. Әйелдер сол кездері 16 сағат тер төккен еңбектеріне өте аз жалақы алатын болған. Сөйтіп, 1857 жылы 8 наурыздан бастап

## 8 наурыз мерекесі қалай пайда болған?



кәсіподақ мүшелігіне әйелдер де кіре бастады.

Бұл күні бірнеше қалада да әйелдер сайлау құқығын талап етіп, шеруге шығады. 1910 жылы Копенгагенде өткен халықаралық конференцияда Клара Цеткин 8 наурыз күнін халықаралық әйелдер күні ретінде атап өту туралы ұсыныс жасайды.

Бұл әлемнің төрт бұрышындағы әйелдерге өз құқықтары үшін күресу үндеуі еді. Сонымен қатар, әйелдерді кедейшілікке қарсы, еңбекті бағалау, ар-ожданды қадірлеу, бейбітшілік үшін күресуге шақырады. Бұл мейрам 1911 жылы 19 наурызда Австрия, Дания, Германия, Швейцария елдерінде аталып өтті.

Ресейде бұл мейрамның бастауы 1913 жылы Петербургте қала басшылығына «әйелдер мәселесі» атты өтініштен басталады. Биліктегілер бұл өтінішті қабылдап, Полтава көшесінде орналасқан Калашникова нан биржасында 1,5 мың адам жиналған жиналыста әйелдердің сайлау құқығы, аналық құқықты мемлекет тарапынан қорғау сияқты мәселелерді көтерді.

Кеңес Үкіметі кезінде 8 наурыз мемлекеттік мейрам дәрежесіне көтеріледі. Уақыт өте бұл мейрам саяси мәнін жоғалта бастайды. Кеңес Үкіметі тарағаннан кейін де 8 наурыз мейрамы ТМД елдері арасында әлі де тойланып келеді.

Әзірбайжан, Грузия, Қырғыз Республикасы, Молдавия, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Беларусь елдерінде Әйелдер күні ретінде аталып өтсе, Армения мен Өзбекстанда аналар күні болып саналады.

# ҰЛЫ ОЙШЫЛДАР САБАҚТАСТЫҒЫ

**Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Екінші ұстаз атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті. Ортағасырлық Ислам ренессансының Еуропа ғылымына жасаған ықпалы Еуропалық ренессанс дәуірінің басталуына алып келіп, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының дамуына жасаған әсері еуропалық өркендеу дәуірінің бетін ашты.**



екі ұлы ойшылдың рухани дүниесінде үлкен ұқсастықтардың бар екенін айтып өтті.

Абай Платон мен Аристотель философиясын оқыды, Сократ ілімі мен данышпандығын жоғары бағалады. Әл-Фараби Платон мен Аристотель трактаттарына комментарий жазды, араб тіліне аударды. Үлкен рухани үйлесімділік осы жерде жерде болса керек. Осы жерде әл-Фараби және Абай антикалық дәстүрді бойларына қалай сіңірді. Олардың философиялық рухани әлемінің қалыптасуына антикалық философияның ықпалы қандай болды? Оны қалай зерттеді, қалай қабылдады деген сұрақтар туады.

Мәселен, біз әл-Фараби және оның ізбасарларының ежелгі грек философиялық мектептерінің еңбектеріне тек қана комментарий жасаумен шектеліп қалмағанын білеміз. Қазіргі кездегі белгілі неміс философы Мартин Хайдегер ортағасырлық мұсылман философиясы жайлы айтқанда былай ой тұжырымдайды: «Әрине, олардың (ортағасыр философиясы) Аристотель философиясын түсінбеді деген жалған болар еді. Олар оның философиясын жаңа қырынан ғана көріп қоймай, оған жаңа мән мен талғам берді»,—дейді. Демек,

мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады»,—дейді.

Абай отыз екінші қара сөзінде:

«Дүние—үлкен көл, заман—соққан жел, алдыңғы толқын—ағалар, артқы толқын—інілер»—деп, дүниенің өзгерісте, дамуда екенін болжайды. Өлеңдер мен қара сөздеріне зер салып қарасақ, көптеген философиялық мәселелерді қарастырып, өзіндік ой-пікір, тұжырым жасағанын байқаймыз. Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі адамның орны, оның мақсаты, мұң-мұқтажы туралы ой шертіледі. Ендеше философияның негізгі мәселесі Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен бөлігі болып табылады. Оның «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Күр айғай бақырған құлаққа ән бе екен»—деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты күдіреті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі. Абай көркем сөздің эстетикалық маңызына ерекше көңіл бөледі.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы»—деп, өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын айтады.

Абай шығармаларындағы негізгі тақырып моральдық проблемалар десек қателеспейміз. Жастарға ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді. Әл-Фараби «Әрбір адамның өмірде өз орны бар» десе, Абай оны былай түсіндіреді:

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң әрқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!»—деп, әр адам қоғамда өзінің орнын алуы керектігін, ол үшін өнер мен білімге ұмтылу қажет екендігін айтады.

Абайша сену үшін алдымен түсіну қажет. Бұл ойлары Пьер Абеляр, әл-Фарабиге жақын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының контекстінде қарастырады. Осыдан келіп адамның әлеуметтік белсенділігі, шығармашылық мүмкін-

дігінің шексіздігі туралы идеяны алға тартады. Ал, Адам—өз тағдырының қожасы және құрушысы. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы әр адам жанының қайталанбас сонылығы Абайдың адам концепциясының негізгі идеялары. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету сұлулыққа ұмтылу—жоғарғы имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі деп айтудан жалықпайды.

**«Әл-Фараби тек Аристотельдің үлкен білгірі ғана болған жоқ, ол орта ғасырлық ой пікірге аса жақын, әрі аса қажетті іс-аристотелизмді неоплатонизммен байланыстыруды жүзеге асырды».**

**Н.И. КОНРАД,**  
көрнекті Шығыс зерттеушісі

Адамдардың әртүрлілігі жайлы айта келіп, Абай әр адамның өмірде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру—ағартушының бұқараны тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп «Адам бол!» деген Абай этикасының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өз творчествосының потенциалын іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол жаратылысынан өзіне белгіленген орынға сай келеді.

Абай—ұлы гуманист. Өз халқын шын пейілімен сүйген Абайға ұлтшылдық, шовинизм, діни тәуелсіздік жат. Ол өз халқын бір орында тұрып қалмауға, тұйықталмауға, рухани байлықтарын әлем жетістіктерінен байытып отыруға шақырады. Абайдың өмірі творчествосы терең адамгершілік мағынаға ие және ағартушылық-тәрбиелік мәні жағынан баға жетпес құнды дүние.

Белгілі ғалым Ақжан Машани әл-Фараби мен Абай шығармалары идеялары арасынан үйлесімділіктер тауып, «Әл-Фараби мен Абай сынды данышпан ұлдары бар ел жарық сәуле жолынан адаспас... Әл-Фараби мен Абай жолы тура жол. Тура өлшеуіш осында»,—деп жазды. Ол өз зерттеулерінде «Әл-Фарабиді Абай арқылы таныдым»,—деп

әл-Фараби да және оның ізбасарлары да ежелгі грек философиясын соқыр таныммен зерттемей, оны терең түсіне білді.

Абай ғажайып Шығыс поэзиясының аясында тәрбиеленіп, соларға еліктеді, себебі, Шығыстың керемет ойшыл ақындарының адамның табиғатын тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері оның болмыс табиғатына, рухани жан дүниесіне ерекше әсер етіп, Абай поэзиясын биік шыңға көтерді.

Мұхтар Әуезов «Абайдың даналық дариясының бастауында үш көзі бар, олар: бірінші қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті—өнері, екінші орыс мәдениеті, сол арқылы—Батыс мәдениеті, үшіншісі—араб мәдениеті» деп айтқан еді.

Түйіндеп айтқанда әл-Фараби мен Абайдың ғылыми ой пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия кафедрасының  
профессоры, филос. ғ.д.,  
фарабитанушы

# ЮБИЛЕЙ МЭТРА ЖУРНАЛИСТИКИ

**В феврале исполнилось 90 лет известному журналисту, писателю, автору романа «Тан-Шолпан», опытному педагогу, профессору КазНУ им. аль-Фараби Абильфаизу Идрисову. Внешне сдержанный, этот рано поседевший скромный человек сделал очень много для сферы культуры республики, ведь через его руки и душу прошли тысячи километров редакторских гранок, текстов, прежде чем они достигали читателей.**

Мало кто знает, что благодаря пророчливости и чутью А.Идрисова, впервые рассказ «Жамиля» будущего классика кыргызской и мировой прозы Чингиза Айтматова был опубликован на страницах молодежной республиканской газеты, в переводе на казахский язык, при участии М.О.Ауэзова.

Великолепный очеркист А.Идрисов создал художественные портреты многих литераторов, в их числе научное эссе-книгу о М.О.Ауэзове «Әуезовке іңкәрлік». В разные годы признавался победителем конкурса очерков на приз республиканской газеты «Егемен Казакстан».

В родном университете открыта аудитория А.И.Идрисова. Здесь он много лет учил студентов мастерству редакторизации. Впоследствии знания «закулисья» редакционных будней очень пригодились выпускникам – ныне руководителям ведущих республиканских и региональных СМИ.

Сирота, преодолевший бесчисленное количество невзгод, уроженец Кустанайской земли (родился в «голодные» 1930-е, дату рождения в детдоме записали приблизительно), Абильфаиз мечтал учиться. Война помешала планам, он с честью прошел Великую Отечественную, был награжден медалями и орденами.

Он всю жизнь сам учился и шлифовал свое мастерство и призывал учиться других. Когда отошел от журналистской практики, реализовал мечту о педагогической стезе. Студентам повезло: с его приходом на кафедру, наряду с теорией они смогли постигать прикладные секреты профессии. Просто и настойчиво одновременно, практик от журналистики, он стал пионером преподавания дисциплин, связанных с издательско-редакторским процессом, версткой газет и журналов. Более того, неумный преподаватель успевал обобщить методику преподавания в учебниках «История казахской журналистики», «Очерк как жанр

журналистики», «Оформление печатных изданий» и многочисленных научных статьях.

Жизнь журналиста как работника идеологической сферы заставляла чувствовать себя словно на передовой: споры и дискуссии, работа с авторами, вызовы «на ковер» в ЦК по различным «промахам» в годы застоя и т.п. Он многое помнил и когда выдавалась свободная минутка, вкратце рассказывал ученикам.

Будучи редактором центральных СМИ, А.Идрисов был хорошо знаком с известными писателями, часто обращался к М.Ауэзову, Г.Мусрепову и другим с просьбой дать отклик на интересный материал.

В частности, под его руководством молодежная газета «Лениншіл Жас» дала старт прозе начинающего прозаика Чингиза Айтматова.

Небольшой отступ в историю. Писать рассказ «Жамиля» Чингиз Торекулович начал в 1957-ом, причем сразу на двух языках: родном кыргызском и русском, постранично. Первые слушатели произведения восторженно отзывались о творении. А вскоре Айтматов познакомился с Мухтаром Омархановичем Ауэзовым.

Образы Джамали и Данияра воспринимались как восточные Джульетта и Ромео, раздвинувшие стандарты обывательской морали и борющиеся за любовь. Повесть «Джамалия» была сначала опубликована в московском журнале «Новый мир», затем уже началось ее триумфальное шествие по другим республикам Союза и континентам. Немаловажная деталь: именно в 1958 на пост главного редактора возвращается А.Н.Твардовский. Начинается яркий период в жизни журнала, когда слова «Новый мир» и «журнал Твардовского» становятся символическими, вызывая восторг и уважение.

Французский писатель Луи Арагон восхищался «прекрасной на свете повестью о любви... М.О.Ауэзов высоко отозвался о повести: «Джамалия» психологична, естественна и проста, новое явление в киргизской прозе».

Таким образом, в конце пятидесятых-начале шестидесятых годов теперь уже минувшего века, повести Чингиза Айтматова «Жамиля» и «Тополек мой в красной косынке» были переведены на казахский язык. Их начали публиковать в газетах и журналах, в газете «Лениншіл жас», в те годы ответственным редактором ведущим отделом работал Идрисов Абильфаиз. Со слов его бывших учеников-студентов журфака КазГУ (ныне – КазНУ им. аль-Фараби), под патронатом Мухтара Ауэзова он готовил к публикации



айтматовскую «Жамилю». Настолько полюбили читатели герои повести, что даже родились песни на музыку Ильи Жаканова: в 1963 году – «Песня Данияра», в 1964 году – «Песня Жамали». Своенравная Жамиля (1958) Чингиза Айтматова, последовавшая зову сердца вопреки устоям традиционного общества, сыграла особую роль в жизни девушек и женщин Востока, казашек в частности.

1959 год был непростым в жизни журналиста, и.о. редактора «Лениншіл жас» А.Идрисова. В воспоминаниях о тех годах он красочно передает свои «университеты», когда приходилось работать под бдительным оком ЦК партии. Тогда ему помог писатель-академик Сабит Муканов, буквально спасший его от отлучения от любимой профессии. Когда критическая статья студента журфака Б.Бодаубаева в защиту казахского языка вышла в очередном номере газеты, Идрисова вызвали «на ковер» и поставили ультиматум: либо публикуете опровержение, либо – расстаетесь с должностью... Сабит-ага выручил молодого коллегу. Знакомство с Сабитом началось с зауса и продолжилось на всю оставшуюся жизнь.

Абильфаиз Идрисов с 1965 года много лет преподавал в Казахском государственном университете, передавая богатый опыт будущим работникам СМИ. Его труд не остался незамеченным: член Совета старейшин университета Идрисов Абильфаиз Идрисович – кандидат исторических наук, профессор, заслуженный деятель РК, писатель, заслуженный деятель культуры РК.

Супруга Заря Маликаждаровна Нуржанова была филологом и также трудилась в КазГУ. До сих пор вспоминают коллеги, как они вместе на праздниках исполняли арии влюбленных, Козы Корпеш и Баянсулу, Толегена и Кыз Жибек... Именно ей, верной спутнице жизни, Идрисов посвятил роман «Тан-Шолпан», который пользовался небывалым спросом у студенческой молодежи, переведен на несколько языков. Вместе они воспитали замечательных детей.

Прекрасно разбиравшийся в истории Великой Степи, ее древних насельниках, эпосе, Абильфаиз Идрисов поистине стал душой кафедры (ныне – издательского дела и дизайна) и факультета, мягко направляя коллег, всем сердцем, до последнего вздоха, интересовался новостями журфака и университета.

Он не умел сидеть сложа руки, дома на заслуженном отдыхе много читал, радушно встречал всех, кто к нему захотел навестить и расспрашивать о новостях.

Сердце труженика остановилось незадолго до 90-летия. Имя и дела акасака, мудрого наставника, талантливого рассказчика и очеркиста, писателя, общественного деятеля и воина Абильфаиза Идрисовича Идрисова навсегда записаны в историю университета и горячо любимой им страны – Казахстан.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
профессор кафедры  
Издательско-редакторского и  
дизайнерского искусства

## ИННОВАЦИЯ

**Жуырда «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.**

Ұлы ұстаз әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орайластыра өткізіліп отырған ғылыми-әдістемелік конференцияның негізгі мақсаты білім беруді цифрландыру жағдайында жоғары мектеп педагогының құзыреттілігін жетілдіру бойынша тәжірибе алмасу.

Конференция барысында «Онлайн-курстарды оқу үдерісіне біріктіру. Педаго-

## ЖАҢАЛЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

гикалық сценарий әзірлеу әдістемесі» және «Педагог кадрларды даярлаудағы ЖОО мен орта мектептің өзара іс-әрекеттерінің жаңа үлгілері» тақырыптарында шеберлік-кластары өткізілді.

Сонымен бірге университет факультеттерінде «Қазіргі жағдайдағы ЖОО түлегінің құзыреттілік моделі», «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы ЖОО оқытушысының құзыреттілік профилі», «ЖОО оқытушыларын оқыту және аттестаттау жүйесі», «ЖОО оқытушыларының педагогикалық қызметін ынталандыру механизмі», «Білім беру үдерісіндегі жаңа ақпараттық технологиялар», «Кадрларды даярлаудағы орта және жоғары білім берудің өзара

іс-әрекетінің жаңа формалары» сынды негізгі бағыттар бойынша пікірталас алаңдары мен дөңгелек үстелдер өткізілді.

Мәселен, химия ғылымдарының кандидаты М. Төлепов модератор болған «Білім беру үдерісіндегі жаңа ақпараттық технологиялар» секциясында Химия және химиялық технологиялар факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы және жұмыс берушілер өкілі қатысып, секцияда бес баяндама тыңдалды. Жиын соңында қатысушылар білім беру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру жұмыс берушінің тікелей қатысуымен жүзеге асуы тиіс деген қорытындыға келіп, тағы да бірнеше мәселелер бойынша резолюциялар қабылдады.

ҚазҰУ түлектерінің құзыреттілік моделін әзірлеу негізінде сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын құру бойынша жұмыс қандай деңгейде? Оның оң дамуының одан арғы барысын не анықтайды? Қазіргі уақытта білім беру, өндіріс және бизнестің өзара іс-қимыл процесі қандай проблемаларға тап болады? Еңбек нарығында қазіргі заманғы түлектер қандай ерекше атрибуттарға ие болуы тиіс? Ғылыми-әдістемелік конференция барысында қазіргі білім беру үрдісінің осы және басқа да өзекті мәселелері талқыға түсті.

**Перизат ҮРКІМБАЕВА,**  
химия және химиялық технология  
факультетінің доценті

**Сәуірде «Ресей және шетелдік массмедиа: ғаламдық және ұлттық» халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді**

**ҚазҰУ-да биология музейінің директоры Қылышбай Мұсабековтің «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биологиялық мұражайының омыртқалы жануарлар топтамасының каталогы» атты кітабының тұсаукесері өтті. Үш тілде шыққан басылым мұражайдың бірегей коллекциялық қорын жүйелендіру бойынша көпжылдық жұмыстың нәтижесін қамтиды.**



Шараға биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒА корреспондент-мүшесі, ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің деканы Болат Қазыханович Заядан, белгілі ғалымдар, оқытушылар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Биология және биотехнология факультетінің деканы Болат Қазыханович Заядан кітап авторын осындай айтулы оқиғамен құттықтап, басылымның жоғары ғылыми және мәдени құндылығын атап өтті.

Өз сөзінде каталог авторы, биология мұражайының директоры, б.ғ.к. Қылышбай Сәтімбекұлы қонақтарға алғы-

сын білдіріп, кітапта қызметкерлердің көп жылдық ұжымдық еңбегі көрсетілгенін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биологиялық мұражайының омыртқалы жануарлар топтамасының каталогы» – бүгінгі таңда мұражайдың коллекциялық қорының жағдайы туралы жинақталған толық анықтама құралы.

Басылым биологиялық мұражайдың тарихы мен оның қызметкерлеріне арналған бөлімдерден, демонстрациялық залдың, сыртқы сөрелердің және бауырымен жорғалаушылар, сүтқоректілер, орнитологиялық, оологиялық, остеологиялық тікелей коллекция қорының сипаттамасынан тұрады

ҚазҰУ-дың биологиялық мұражайы

80 жылдан астам уақыт бұрын ашылған. Республиканың жоғары оқу орындарының ішіндегі жануарлар саны 7888 данадан тұратын ең бай зоологиялық коллекциясымен мақтана алады. Оның ішінде 70 отряд, 217 тұқымдас және 866 жануар түрлері бар. Қордың ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы зор. Онда сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және эндемиялық жануарлардың түрлері, соның ішінде 70 жылдан астам бұрын мекендеген жерлерінен жоғалып кеткен тұрандық жолбарыстың экспонаттары да бар.

Қылышбай Сәтімбекұлының айтуынша, Үлкен жасына қарамастан, музей үлкен әлеуетке ие: «Музей бүгінгі таңда оқушылар мен студенттерді, ЖОО-ның магистранттары мен докторанттарын, шетелдік және құрметті қонақтарын қарсы алу. Жалпы одан басқа келушілер қатары көп. Бірақ мен күрделі жөндеуден кейін қазіргі заманғы технологиялар, аудио және бейне визуализация арқылы мұражай екінші жаңа өмір сатысына өтіп, аса маңызды көрікті жерлердің бірі ретінде Алматы картасына енгізіледі деп армандаймын».

Өз тілшімізден

## ӨМІРДЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ...



**Философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 3-курс студенті, атақты мотиватор Николас Джеймс Вуичичтің «Жизнь без границ» кітабын қазақ тіліне аударған, университетіміздің мақтанышы Ернар Спабекпен кездесу өтті.**

болған осы «Жизнь без границ» кітабының авторы Николас Джеймс болғанын алға тартты.

Өмірде шектеу жоқ... Дәл осы атаумен 1000 данасы жарық көрген кітаптың қазіргі уақытта үлкен сұранысқа ие екенін, еліміздің түкпір-түкпірінен оқырмандардың байланысқа шығып жатқанын мақтанышпен баяндаған Ернар келген қонақтарға шағын мастер-класс та өткізді. Кәсіпкерліктің, жетістікке жетудің қыр-сырымен таныстырған Ернар Спабек жетістікке жетудегі ең бастысы ол – білім дейді. Ұлттық университеттен алған білім мен білігі шығармашылық жолында үлкен көмек көрсеткенін айтты.

Ұлттық университеттің осындай тасада жүрген, біз бен сіз білмейтін, талантты, дарынды жастарын дәрiптеу, таныстыруды, бастамаларына қолдау көрсетуді мақсат еткен бұл шара дiттеген мақсатқа қол жеткізді деп ойлаймын. «100 кітап» жобасы аясында өткізілген іс-шара тыңдалушылардың да, студенттердің де көңілінен шығып, оң пікірлерін білдірді. Сонымен қатар келген қонақтар Ернардың 20 жаста жеткен жетістігін бағалап, сәттілік тіледі. Ернармен сұхбаттасу студенттерге қатты ұнады, ой салды, сұрақтарына жауап алды, қызығушылықтары артты. Студенттер арасында талантты, білімді, шығармашылық қабілеті жоғары балалар бар, соларды студенттер арасында таныту міндетіміз.

Арман жолында ештеңеден тайсалмайтын батыл Ернарға біз де, арманың адастырмасын, қаламың ұштала берсін дегіміз келеді.

**Үлмекен ТӨЛЕШОВА,**  
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, пед. ғ. к.,  
«Шабыт» студенттердің шығармашылық клубының жетекшісі  
**Мақпал ХОЖАБАЕВА,**  
педагогика және психология мамандығының 1 курс магистрантты

## ■ ФАРАБИ-1150

**В КазНУ им. аль-Фараби прошла VII Республиканской научно-исследовательской конференция, посвященная 1150-летию Абу Наср аль-Фараби «Юный аль-Фараби», в которой приняли участие ученики средних школ и гимназий городов Казахстана.**

## Конференция «ЮНЫЙ АЛЬ-ФАРАБИ»

Активное участие в работе секции «Химия» на факультете химии и химической технологии приняли ученики школ городов Казахстана: № 120 гимназия (Алматы), № 10 (с. Батыр Мунайлинский район Мангыстауской области), гимназия № 15 (Алматы), гимназия № 139 (Алматы), гимназия «Inter Lingua» (Алматы), «Zerde» (Алматы), «Дана» (Алматы), №152 (Алматы). Школьники продемонстрировали работы из разных областей химии.

При оценке работ учитывались такие факторы, как оформление, новизна, актуальность, цель работы, теоретическая и экспериментальная части, наличие правильно оформленной презентации, ораторское мастерство докладчика, грамотные ответы на вопросы.

Практическая часть большинства работ была выполнена в ведущих научно-исследовательских институтах Республики. Среди представленных работ школьников особо хотелось бы отметить работы учениц 10-

го класса гимназии №15 Жанар Ертаевой и Телконыр Сбашевой «Reganun garmala L. өсімдігінің фитохимиялық құрамы және оның сығындысының геуқұйрықтың семіздігі метаболизміне әсері» и ученицы 10-го класса школы «Zerde» г. Алматы Айданы Тулешовой «Аммиачно-аммонийное выщелачивание отвального медного шлака с предварительной механоактивацией исходного материала». Эти работы отличались высокой новизной и актуальностью.

По итогам конференции, набрав максимальные баллы по всем параметрам, I-е место заняла ученица 9-го класса школы № 10 (с. Батыр Мунайлинский район Мангыстауской области) Зиуархан Қайыпназарова, выполнившая блестящую работу «Жұмыртқадан май алу».

**М. ДЮСЕБАЕВА,**  
председатель НИРС факультета,  
**Д. АҚБАЕВА,** зам. декана по НИД и МС



### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА,  
Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №268

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.